

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі N 1341 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 13 қыркүйек N 1385

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2000 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі N 1341 P001341_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-ші тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

"1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 қыркүйектегі N 1303 және 1998 жылғы 5 қазандағы N 998 қаулыларына сәйкес сатып алынған астықты сатудан қайтарып алынған қаражат есебінен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен 2000 жылғы егіннің астығынан 42 000 000 (қырық екі миллион) АҚШ доллары сомасына 570 000 (бес жүз жетпіс мың) тоннаға дейінгі көлемде үшінші сыныптан төмен емес жұмсақ сортты азық-түлік бидайын франко- элеватор шартымен бірінші кезекте салық патенті негізінде салық төлеуді жүзеге асыратын тұлғалардан, қосылған құн салығын қоса және олар өзі өндірген астықты сатуы кезінде бірыңғай жер салығын төлеуші болып табылатын тұлғалардан, қосымша құн салығын қоспағанда, есептемеге алынған 1 тонна салмақ үшін 70 (жетпіс) және 75 (жетпіс бес) АҚШ долларына баламалы баға бойынша мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген 2000 жылғы егіннің астығын

мемлекеттік сатып алу, оны сақтау және сату тәртібі туралы ережеде:

5 және 6-тармақтардағы "ҚҚС-ны қоса алғанда" деген сөздер "ҚҚС-ны қоса алғанда, салық патенті негізінде салық төлеушілер болып табылатын тұлғалар үшін және ҚҚС-ны қоспағанда - бірыңғай жер салығын төлеушілер болып табылатын тұлғалар үшін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК